

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2021-2025 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 107-210 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 ақпанда № 26754 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына және 62-бабының 5-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлаудың 2021–2025 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары А.Р. Ораловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі

А. Кульгинов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің

2022 жылғы 1 ақпандағы

№ 107-210 қаулысына

қосымша

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді бар кадрларды даярлауға 2021-2025 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

№ р/с	Даярлау бағытының коды және сыныпталуы	Білім беру бағдарлама коды және тобының атауы	2021-2025 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі	Оқу жылы ішінде бір студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (теңге)
1	2	3	4	5

6B01 Педагогикалық ғылымдар				
1	6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	B002 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	7	443 300
2	6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	B003 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	30	443 300
		B005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	50	635 800
3	6 B 0 1 5 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	B009 Математика мұғалімдерін даярлау	37	443 300
		B010 Физика мұғалімдерін даярлау	14	443 300
		B011 Информатика мұғалімдерін даярлау	13	443 300
		B012 Химия мұғалімдерін даярлау	35	443 300
		B013 Биология мұғалімдерін даярлау	35	443 300
		B014 География мұғалімдерін даярлау	21	443 300
4	6 B 0 1 6 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау	B015 Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау	32	443 300
5	6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	B016 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	19	443 300
		B017 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	55	443 300
		B018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау	119	443 300
6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар				
6		B033 Дінтану және теология		371 796

6 В 0 2 2 Гуманитарлық ғылымдар	15	
Итого: 482		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК